

**1.5. «Ақмола облысы білім басқарамсы Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2025-2026 оқу жылындағы Қызылжар ауылдық округі білім беру ұйымдарының
Жол картасын іске асыру жұмысына
ТАЛДАУ**

Әдістемелік жұмыс жөніндегі Жол картасына және аудандық әдістемелік кабинетінің іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2025 жылғы 19 желтоқсанда Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің «Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында Қызылжар ауылдық округі педагогтерінің «Педагогикалық тәжірибені жинақтау және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу» тақырыбында аймақтық семинары өткізілді.

Өткізу формасы

Семинар Zoom платформасында қашықтық форматта өткізілді.

Семинардың мақсаты

Тиімді педагогикалық тәжірибені жинақтау, жүйелеу және таратуға жағдай жасау, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және білім беру үдерісіне енгізу мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинардың міндеттері

- аймақ мектептері педагогтерінің тиімді педагогикалық тәжірибесін талдау және жинақтау;
- білім беру бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- оқу-әдістемелік кешендерді жобалау саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру;
- заманауи педагогикалық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістерін енгізуге ықпал ету;
- педагогтерді әдістемелік сүйемелдеуге және озық педагогикалық тәжірибені таратуға жағдай жасау.

Семинар жұмысына қатысқандар

- АӘК меңгерушісі Өтішева Қ.А.;
- білім бөлімінің әдіскері Әбішева Р.С.;
- білім беру ұйымдарының басшылары;
- директорлардың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары;
- Қызылжар ауылдық округінің пән мұғалімдері.

Семинардың өту барысы мен мазмұны

Семинарды «Жаңа-Тұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры Жүнісова Д.М. кіріспе сөзбен ашып, білім сапасын арттыру мен педагогтердің кәсіби өсуіне бағытталған әдістемелік қызметтің маңыздылығын атап өтті.

Семинар аясында келесі бағыттар бойынша педагогтердің 12 тәжірибеге бағытталған баяндамасы ұсынылды:

- тарих және Қазақстан тарихы;
- қазақ, орыс және ағылшын тілдері;
- математика, физика, информатика, биология;
- бастауыш сыныптар және мектепалды даярлық.

Педагогтер оқу-әдістемелік кешендерін, дидактикалық материалдар жинақтарын, жұмыс дәптерлерін, әдістемелік ұсынымдарын, тест және терминологиялық жинақтарын таныстырды. Материалдар білім беру үдерісінде практикалық қолдануға бағытталды.

Баяндамалар барысында келесі мәселелерге ерекше назар аударылды:

- заманауи педагогикалық технологияларды енгізу;
- цифрлық ресурстарды пайдалану;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- оқушылардың оқу мотивациясы мен танымдық белсенділігін арттыру.

Жол картасын іске асыру нәтижелері

Аудандық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Әтішева Қ.С. семинар қорытындысын жасап, алдағы әдістемелік жұмыстардың перспективаларын белгіледі.

Аймақтық семинар өткізу барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- педагогтердің әдістемелік жұмыс саласындағы кәсіби құзыреттілігі артты;
- аймақ мектептері арасында тиімді педагогикалық тәжірибе алмасу қамтамасыз етілді;
- пәндер бойынша авторлық оқу-әдістемелік кешендер ұсынылып, апробациядан өткізілді;
- оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету сапасы жақсарды;
- аймақ мектептерінің әдістемелік материалдар банкіні құруға негіз қаланды.

Қорытынды

Аймақтық семинарды өткізу әдістемелік жұмыстың таңдалған формасының тиімділігін және іс-шаралардың Жол картасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін көрсетті. Семинар педагогтердің кәсіби өзара әрекеттесуін жандандыруға және білім беру үдерісін әдістемелік сүйемелдеу сапасын арттыруға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/p/DSchyA4CAft/?igsh=cmZya2ppOTN1bjFv>

Ұсынымдар

1. Аймақтық семинарларды әдістемелік жұмыстың тиімді формасы ретінде өткізуді жалғастыру.
2. Ұсынылған материалдарды жүйелеп, аудандық әдістемелік кабинетінің әдістемелік әзірлемелер банкіне енгізу.
3. Үздік әдістемелік жұмыстарды аудан деңгейінде таратуға ұсыну.
4. Әзірленген оқу-әдістемелік кешендерді енгізу бойынша педагогтерді одан әрі әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

2026 жылғы 03 наурызда «Акимовка ауылының негізгі орта мектебі» КММ базасында «Адал Азамат» бағдарламасын іске асыру аясында аудандық семинар өткізілді. Семинар тақырыбы: «Адал Азамат» бағдарламасы аясында шағын жинақты мектеп оқушыларында адалдық, жауапкершілік және патриотизм құндылықтарын қалыптастыру».

Семинардың мақсаты — «Адал Азамат» тәрбиелік бағдарламасын іске асыру арқылы шағын жинақты мектеп оқушыларының адамгершілік және азаматтық құндылықтарын қалыптастыру бойынша тәжірибені жинақтау және тарату.

Семинар аясында келесі іс-шаралар өткізілді:

1. Власенко М.Н. 1–3 сыныптарда дүниетану пәнінен «Менің Отаным — ғажайып өлке» атты сыныптан тыс іс-шара өткізді.
2. Кусаинова Д.М. 9-сыныпта «Music and films images» тақырыбында ашық сабақ өткізді.
3. Куценко В.Ю. 2-сыныпта математика пәнінен «Тендеулер. Тендеулерді шешу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.
4. Краснова В.В. шағын орталықта «Қазақстан — біздің ортақ үйіміз» атты тәрбие сағатын өткізді.
5. Киржикбаева Р.А. мұғалімдерге арналған «Адал Азамат» құндылықтарын қалыптастырудағы педагогтің рөлі: шағын жинақты мектеп жағдайындағы коучинг тәсіл» тақырыбында коучинг өткізді.
6. Гаврилова О.В. мен Ляхова Н.Л. «Бір халық, Бір ел, Бір тағдыр!» атты жалпы мектептік сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды.

Семинар соңында мектеп педагогтері қатысқан сабақтар бойынша кері байланыс беріп, іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті және мектеп ұжымына шығармашылық табыс тіледі.

Семинардың қорытынды талдауын аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі Әтішева Құралай Сембекқызы жасады.

Ашық сабақ өткізген педагогтерге аудандық семинарға қатысушы сертификаттары табысталды. Семинар кәсіби қарым-қатынас, тәжірибе алмасу және «Адал Азамат» бағдарламасының құндылықтарын нығайту алаңына айналды.

<https://www.instagram.com/reel/DVbP5lxCNHT/?igsh=MXI3OHA4dnBtdXpiOQ==>

2026 жылғы 28 сәуірде «Оксановка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де педагог-психологтерге арналған «Мен табысты ата-анамын» тақырыбында онлайн семинар өтті.

Семинарға ауыл мектептерінің педагогтері қатысты:

- «Акимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ;
- «Жаңа-Тұрмыс ауылының негізгі орта мектебі» КММ.

Іс-шараның мақсаты — педагог-психологтердің ата-аналармен тиімді жұмыс жүргізу мәселелері бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу және отбасымен жұмыстағы заманауи тәсілдерді іздестіру.

Семинар барысында қатысушылар бір-бірімен танысып, ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің өзекті мәселелерін талқылады, «Жұмыс тәжірибесінен» атты презентация ұсынды, ата-аналармен жұмыс бойынша практикумға қатысты, психолог маманның сараптамалық кеңестерін алып, кездесуді рефлексия форматында қорытындылады.

Семинар жылы әрі нәтижелі атмосферада өтіп, мамандардың кәсіби өсуі мен ынтымақтастығына пайдалы алаң болды.

https://www.instagram.com/p/DXspl5giGmg/?img_index=2&igsh=MWN5OGFleXkxcnM1cA==

2026 жылғы 8 мамырда «Акимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де «Ерлік марафоны — Денсаулық! Ар-намыс! Жеңіс!» атты әскери-спорттық фестиваль өткізілді.

Іс-шараға келесі мектептердің оқушылары қатысты:

- «Акимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ;
- «Жаңа-Тұрмыс ауылының негізгі орта мектебі» КММ;
- «Оксановка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.

Іс-шараның мақсаты — оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігіне құрмет көрсету, дене белсенділігін дамыту және командалық рухты нығайту.

Оқушылар іс-шараға белсенді қатысып, келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- Акимовка ауылының «Пламя» командасы — I орын;
- Жаңа-Тұрмыс ауылының «Сарбаз» командасы — I орын;
- Оксановка ауылының «Bатыр» командасы — II орын.

<https://www.instagram.com/p/DYWZwisilvf/?igsh=OWJwaHkyYm5pZzc=>

2026 жылғы 13 мамырда «Жаңа-Тұрмыс ауылының негізгі орта мектебі» КММ базасында оқушылардың ғылыми жобалар конференциясы өткізілді. Конференция Google Meet платформасында онлайн форматта өтті.

Іс-шараға келесі мектептердің білім алушылары қатысты:

- «Жаңа-Тұрмыс ауылының негізгі орта мектебі» КММ;
- «Акимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ;
- «Оксановка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ.

«Жаңа-Тұрмыс ауылының негізгі орта мектебі» КММ оқушылары төрт жобаны ұсынды:

• 4-сынып оқушысы Амерканова Ясмينا — информатика пәні бойынша «Scratch бағдарламасында тасбақаны бағдарламалау: геометриялық фигураларды салу» жобасы;

• 4-сынып оқушысы Сүлейман Асылым — технология пәні бойынша «Қоқысты қайта өңдеу» жобасы;

• 2-сынып оқушысы Исембаева Ильхама — орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Сам себе помощник» жобасы;

• 3-сынып оқушылары Әділет Даниял мен Данияр — экология пәні бойынша «Күн сәулесінен электр энергиясын жасау» жобасы.

«Акимовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ екі жобаны ұсынды:

• 3-сынып оқушысы Алтынбекқызы Іңкәр — орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Александр Сергеевич Пушкин ертегілері» жобасы;

• 3-сынып оқушысы Куценко Арина Артёмовна — «Фразеологизмдердің суретті сөздігі» жобасы.

Конференцияның мақсаты — оқушылардың зерттеушілік қызметін дамыту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, сондай-ақ ғылыми қызметке қызығушылықтарын қалыптастыру. Іс-шара барысында қатысушылар өз ғылыми жобаларын таныстырып қана қоймай, зерттеу нәтижелерін көрсетіп, қойылған сұрақтарға жауап берді. Жұмыстар өзектілігімен, практикалық бағыттылығымен және қызықты идеяларымен ерекшеленді.

<https://www.instagram.com/p/DYR1C7kCJ04/?igsh=aXA4NjV5ZnM4OHQ0>

Мектеп директоры



Handwritten signature of D. Zhunusova

Д.Жунусова